

собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. - Воронеж, 1903. – 633 с.; Гинс Г.К. Переселение и колонизация. Вып. 1-2. - СПб, 1913. - 49 с.; Хворостанский П. Очерк экономического положения поселков Кустанайского уезда, обследованных статистическим отделом в 1910 году. – Омск, 1911. – 36 с.; Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Оренбург, 1901. – 524 с.; Тресвятский В.А. Материалы по земельному вопросу в Азиатской России: вып. 1. Степной край, II том, 1917.

2. Азиатская Россия. Том 1. Люди и порядки за Уралом. - Санкт-Петербург, 1914. – 578 с.; Азиатская Россия. Том 2. Земля и хозяйство. - Санкт-Петербург, 1914. – 640 с.

3. Седельников Т.И. Борьба за землю в Киргизской степи (Киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства). - СПб, 1907.; -Алматы, 1991. - 84 с.

4. Швецов С. О колонизации.//Северная Азия. - СПб, 1914, № 5.

5. Букейханов А. Киргизы // Избранное. – Алматы, 1995; Его же. Павлодарский уезд// Там же; Его же. Овцеводство в Степной крае// Там же; Его же. Киргизы на совещании Степного генерал-губернатора// Там же; Его же. Переселенческие наделы в Акмолинской области// Там же.

6. Тынышпаев М. Киргизы и освободительное движение//История казахского народа. – Алма-Ата, 1993; Его же. Его превосходительству господину туркестанскому генерал-губернатору// Там же.

АКАДЕМИК ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ МАРҒҰЛАН ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сақтапберген Ә.Е., 1 курс магистранты;

Бейсенбекова Н.А., доцент, т.ғ.к., ғылыми жетекші

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Отандық тарихтың көне дәуірін зерттеуде археология ғылымына сүйеніп зерттеудің жаңа бағытына академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан қалады. Қазақтар жайлы гуманитарлық ғылымның тұтас саласын ұйымдастырушы — іс дегенде тынымсыз, табанды да қайратты, сырттан қарасаң әрқашан сабырлы көрінетін өте сезімтал әрі жаны нәзік, тағдырдың қиындығын және соққысын көрген ғалым Ә.Марғұлан болды. Әлкей Хақанұлының бай мұрасы, әсіресе оның Отан тарихын зерттеуде ұстанған методологиялық принциптері ғылымдағы бүгінгі өзгерістермен ұштасып жатыр. Этноархеология зерттеулерінің басты объектісі болып халықтың материалдық мәдениеті, ал пәні — адамдардың іс-әрекет ерекшеліктері мен әлеуметтік қарым-қатынастарының өзіндік бет-бейнесі болып табылады. Кең байтақ қазақ жеріндегі көптеген ескерткіштер мен ашылмаған тарихи-мәдени құбылыстарды жаңаша зерттеуге бұл ғылымның әдіс-тәсілі маңызды рөл атқарады.

Ә.Марғұланның, әсіресе, қазақ тарихының ерте және орта ғасырлар кезеңіне қатысты зерттеулері өз замандастарының еңбектерінен ерекше болып саналады. Біз өзіміздің мақаламызда бүгінгі қазақ тарихындағы өзгерістерге байланысты мынадай бір-екі мәселеге тоқталмақпыз. Олар біріншіден, Отан тарихының ерте және орта ғасырлық кезеңдерін талдап алуға байланысты Ә.Марғұлан ұстанымының ерекшеліктері және олардың бүгінгі кезеңдегі тиімділігі жөнінде. Екіншіден, Ә.Марғұлан өмір сүрген тарихи кезеңде қазақ қоғамының өркениеттік ерекшеліктері жөнінде ашық және көбірек жазу-зерттеуші ғалымға аса тиімді еместігі. Бірақ та ғұлама ғалым бұл тақырыпқа жиі әрі батыл барып отырады, яғни бұл мәселе де арнайы тоқталуға лайық тақырып деп білеміз.

Соңғы 10-15 жыл төңірегінде Отан тарихына, әсіресе оның көне кезеңдеріне байланысты түрлі пікірлер бар. Осы әр түрлі көзқарастардың болуы толық табиғи құбылыс, алуан пікірлер негізінде ұлт тарихының бастапқы кезеңдерінен бүгінгі күніне дейінгі аралығындағы сабақтастықтың ғылыми нұсқасын жасауда әлі де болса қайта қарап, саралауда кемшіліктер бар сияқты.

Бұл ретте ежелгі замандарда қазақ жерінде тамыр жайған сақ, үйсін, қаңлы мәдениеттері мен бүгінгі қазақ мәдениеті арасындағы немесе түркілер қағанаты (Батыс және Шығыс) Қарахандар мемлекеті мен Қазақ мемлекеттігі арасындағы тарихи сабақтастық жаңа ғылыми методологиялық тұрғыдан қорытындыланған, сондай-ақ бұл үрдіс қазіргі кезеңде жүріп жатыр. Мысалы, б.з.д соңғы мың жылдықта қазақ жерінің Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс тіптен Оңтүстік Орал мен таулы Алтайға дейінгі аралықты мекендеген сақ елінің тегі мен сөйлеген тілі жөнінде түрлі тұжырымдары бар. Ғылыми пікір-таласқа түсушілердің бір жағы сақ елін Иран тілді мәдениетке жақындатса, екіншісі сақтарды түрік тілді халыққа бейім дейді. Мұндай мазмұндағы пікір алуандығының тууы, ғалымдардың жоғарыда айтылғандай сақтар өмір сүрген мезгіл ерекшелігін әртүрлі түсіндіруіне байланысты. Шындығында, б.д.д. мың жылдықтың екінші жартысындағы парсылар мен сақтардың мәдениеті қалыптасуы кезеңінде тұрған, яғни белгілі дәрежеде тіл мен салт-дәстүрдің, басқа да

мәдениет салаларының бастапқы дәуірі болатын. Парсылар мен сақтарды өзара бөліп немесе жақындастырып тұрған ислам діні де бұл кезде болған. Сондықтан да олардың тілі мен мәдениетінде сол тарихи мезгілге лайық өзара жақындық, үндестік басым еді. Сондай-ақ олардың арасында араласу процесі жүріп жатты. Парсы және түркі тілдеріне бірдей тән көптеген сөздер мен ұғымдардың басым бөлігі осы мерзімде өмірге келіп, кейін түрік және парсы тілдерінің төл сөздеріне айналғаны бүгінде дәлелденді. Ұлы наурыздың жыл басы ретінде көрші халықтар арасында мойындалуы да осы мезгілге тән болса керек. Осы пікірді ғұн, моңғол және түркі халықтарының арақатынасына байланысты да айтуға болады. Біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтың соңы және біздің дәуіріміздің алғашқы мыңжылдығына сақ пен парсы халықтары арасында жүрген өзара араласу және ықпалдасу процесі байқалады.

Сондықтанда, тарихтағы сақ, оның ізін ала келген ғұн, үйсін және қаңлы кезеңдері бүгінгі қазақ және басқа Орталық Азия халықтарының, олардың мәдениеті мен тілінің бастапқы қалыптасу дәуірі болып саналады. Яғни олардың 3 мың жылдық тарихында үзіліссіз жүріп отырған сабақтастық, ортақ негіз бар. Халқымыздың осы тарихын түсінуге қатысы бар осы мәселеге байланысты еңбектер жазған ғалымдардың бірі Ә.Х.Марғұлан. Ғалым бұл аса маңызды мәселеге өз жолымен келді.

Оның 1966 жылы жарық көрген «Ежелгі мәдениет куәлары» атты жинаққа жазған кіріспе мақаласында: «Тегінде Азия мен Қазақстанды, Оңтүстік Сібірді қоныстанған ежелгі тайпалардың өркендеу тарихы орасан қызық. Бұлардың қола дәуірінің өзінен көріне бастаған. Ол кездегі тайпалар мыс қалайы, алтын, күміс қорытуды жақсы біліп, одан неше түрлі қару-жарақ, әдемі бұйым, әшекей дүниесін шығара білген...

Бұл қола дәуірінде қалыптасқан өрнек нақыштары бергі кезге дейін ұмытылмайды, оның әуендері ежелгі тайпалар арқылы бірден бір ауысып, ең соңында қазақ халқының өнеріне негіз болып шығады», — деген нанымды тұжырым қорытындыға келеді. [1]

Ә.Марғұлан еңбектерінде қазақ жеріндегі алғашқы мәдениет үлгілерін жасаушы халықтар өзге өңірлерден мұнда жетіп, өздерінің «Ағартушылық» міндеттерін орындап болған соң басқа өңірлерге, батыс пен оңтүстік ығысып, жоқ болмайды, яғни олар қазіргі қазақ жерінің автохонды (жергілікті) жұрты.

Аталған еңбекте Ә.Х.Марғұлан: «Қазақстан өлкесі кейбір үстірт қарайтын адамдардың айтқанындай, тарихи мәдениеттің сілемі жоқ, тек қана жосын жүрген аңның мекені емес, не болмаса ешбір ел қоныс етпеген, тек қана шөл дала емес. Күрделі цивилизация, алтын, күмістен жасалған әдемі бұйымдар, тас мүсіндер, тас жазулар, тас тұнжырлар, таулы жер мен өзен бойын сұлулыққа бөлейтін сәулетті күмбездер, тас сарайлар, шуы көп қалалар мұнда да болған. Бірақ өзгергіш дүние бұларды бірде көркейтп, бірде жер бетінен сыпырып отырған [2].

Бұл ұзақ жылдар бойы қазақ жерін археологиялық тұрғыдан зерттеген ғалымның тұжырымы. Академик Марғұлан пікірінің құндылығы сонымен бірге оның қазақ халқының рухани мәдениетін өнер мен фольклортанушы ретінде де терең зерттеуінде болып табылады.

Ә.Марғұланның қазақ жеріндегі түрлі тарихи кезеңдеріндегі мәдени құбылыстар арасындағы өзара тікелей сабақтастық жөніндегі тұжырымын оның XX ғасырдың 40-жылдары жариялаған еңбектерінде берілген. Бірақта, оның бұл пікірі XX ғасырдың 80-жылдары біржола концептуалдық дәрежеде бекіді. Сондай-ақ бұл еңбекте Ә.Марғұлан мен ресми тарихнама арасында алшақтықтың бар екенін көрсетеді. Ғалым зерттеушілер мысалы, кейінгі қазақ мәдениеті мен көне ғұн, үйсін, қаңлы мәдениеті арасындағы ортақ желістерді ашық көрсетіп жазған, ал ресми тарихнама үйсін синонимін «усунь», қаңлы синонимін «кангюй» деп жазды.

«Ойсылқара» атты тарихи – этнографиялық зерттеуін Ә.Марғұлан «әңгіме» депатайды. Мақаланы әңгіме деп атауы, әрине, ғылыми-әдіс. Осы зерттеу еңбегінде автор: «ғұн, үйсіндердің көркемөнерін сипаттайтын мәдени мұралар Алматыға таяу жерде Қарғалыдан, Есіктен, Кеген ауданынан табылған алтын алқалар, Талдықорған облысынан табылған алтын өрнектер» - деген ойды білдіріп, Есік қорғанынан ханзаданың алтын сауытымен бірге табылған тарихи қазыналар жергілікті үйсін жұртына тән деген жөніндегі тұжырымды жақтайтынын айтады. [3]

Ә.Марғұланның пікірінше, ғұн, үйсін кезеңіне тән мұралар Көкшетеудан, Бурабайдан, Сарысу, Тоқырауын, Елек, Еділ өзендері бойынан, Торғай өңірінен табылған алтын, күміс бұйымдарға салынған ою-өрнектер.

1983 жылы жарияланған «Қорқыт ата өмірімен Эфсоналары» атты көлемді еңбегенде ғалым осы пікірін жалғастыра түсіп, «Қорқыт кітабында» суреттеліп отырған. «Усун-қожа Қазақстанның ең ескі тайпаларының бірінің аты – Ұлы жүзге негіз болған үйсіндер. Олар б.з.б. 3 ғасыр бұрын Жетісудағы ең атақты елдің бірі, өзінің ықпалын олар мың жыл бойы биікте ұстап, оны түрік қағанатына дейін сақтап келді. Усунь туралы Қорқыт хикаясының мазмұны осы дәуірлерді еске түсіреді» дейді [4].

Байырғы және ортағасырлық түркілерге — қазақтардың ата-бабаларына тікелей қатыстық органдарды табуға және зерттеуге ұмтылған Әлкей Хақанұлы сұлбасынан — алуан қабырларды ашуға ден қойды. Оларды зерттеген сайын, түркілерге қатысы жоқ, қола дәуірінің ескерткіштерін молынан кездестірді. Ғылымда аса маңызды Беғазы-Дәндібай мәдениетінің феноменін ашқан, әрі дәлелдеген Ә.Х.Марғұлан екендігі дау туғызбайды.

Ә.Марғұлан қазақ халқының өркениетінің қалыптасуы мен өзгеруінің негізінде халықтар мәдениетінің жақындығын терең ұғып, оны зерттеуге аса зор көңіл аударды. Сондай-ақ бұл проблеманы зерттеуде ғалым белгілі ортағасырлық тарихшылар Мұхаммед Хайдар Дулати мен Қыдырғали би Қасымұлының еңбектеріне сүйенді. Бұл екі тарихи тұлғаны да Ә.Марғұлан қазақ халқының тарихшылары деп санаған.

Көрнекті ғалым 1941 жылы «Әдебиет және искусство» журналында «Мұхаммед Хайдар — қазақтың тұңғыш тарихшысы» деген мақаласын жариялайды. Кейінірек, бұл мақаласын ғалым толықтыра түсіп, 1966 жылы «Білім және еңбек» (№2,7) журналында қайта бастырды. Бұл әлемге әйгілі «Тарихи-Рашиди» авторының қазақ халқымен оның мәдениетіне тікелей қатысы бар тұлға екендігін көрсетуге арналған алғашқы мақала болатын. Ә.Марғұлан Мұхаммед Хайдар мырзаның шыққан ортасы мен тегіне тоқталып: «Мұхаммед Хайдар туысы жағынан Ұлы жүз Дулат руынан болады, оның арғы аталары Орта Азия өлкесінде жасаған саяси жұртшылық ісіне қатысып, тарихтан белгілі орын алған атақты билер. Халық аузында осы күнге дейін айтылатын атақты Майқы би, некейін шыққан Ұлы жүз үйсін Төле би, бәрібір ұлыстан тарап, халық мұнының ойлауымен аты шыққан кемеңгер адамдар болған», - дейді [5]. Ал кітаптың қазақ тарихын зерттеуге байланысты маңызы жөнінде: «бұл қазақ тарихы туралы жазылған бірінші кітап... жүз жыл ішінде (1450-1540) болған оқиғаны суреттейді. Шағатай ұлысымен Алтын Орданың қалай азып-тозғанын, ол екеуінен тарап шыққан қазақ халқының саяси тіршілігін баяндайды», — деген негізді тұжырым жасайды.

Жалпы Ә.Марғұлан бұл мақаласында Мұхаммед Хайдаридің жеке тұлғасы мен оның еңбегіне қысқаша мазмұндама беріп, маңызды жақтарына тоқталып, олар жөнінде оқырманды хабардар ету мақсатын ұстаған.

Ә.Марғұланның М.Х.Дулати мырза еңбегіне аса зор көңіл аударуының себебі, «Тарих - и Рашидиде» ортағасырлық қазақ қоғамының өркениеттік ерекшеліктерін жол ашатын фактілік материалдармен тұжырымдар мол. Солардың кейбіріне талдау жасау барысында, Мұхаммед Хайдар Дулати мырза еңбегінде «қазақ» немесе «қазақылық» деген ұғымдарды бір емес, бірнеше рет пайдаланады. Алғаш рет ол бұл сөзді Уайыс хан өмірінің бастапқы кезеңіне арналған бір кітаптың 29 тарауында Уайыстың өз ағасы Ширмұхаммед Хайнның «қазақы салт-дәстүрді ұстағанына қарсы болғандығын» айтады. Екінші рет сұлтан Сайдханға арналған 67 тарауда ханның Мансұр ханнан жеңіліс тапқан соң «Моғолстанда қазақы, жүріс-тұрысқа» деген ұғымға олең бектің 33-тарауында түсінік беріп өтеді. Одан байқайтынымыз біріншіден, «қазақ» аталған жұрттың әуелде Әбілхайыр ұлысынан жарыла көшкендігі және екіншіден, біраз мезгілдер бес мемлекетті құра алмай, өз бетінше емін-еркін көшіп-қонып жүргені көрінеді. Сонымен бірге Мұхаммед Хайдардың айтуына қарағанда, «қазақы өмір салтының» сол тарихи кезеңдегі өзбек және моңғол елдеріндегі өмір салтынан өзгешелігінің болғандығы.

Қазақ тарихына байланысты Ә.Марғұлан зор көңіл аударған еңбектердің бірі Қыдырғали Қасымұлының «Тарих-и Оразмұхаммед» атты еңбегі. Бұл еңбекті де дерек көзі ретінде Қазақстанда арнайы талдауға алынуы Ә.Марғұлан есімімен байланысты «күміс сандық құпиясы» [6] атты мақаласында ғалым Ресей кітап қорларына түскен Оразмұхаммед сұлтанның кітапханасы жөнінде жазып, жалпы қолжазба мәдениетінің ортағасырлық қазақ қоғамында тән болғандығына тоқталады.

«Мұндағы ең қадірлі нәрсе, - деп көрсетеді Ә.Марғұлан, — сол кездегі мәдениетке үлгі болған Сыр бойындағы қалаларға көп тараған тарих, әдебиет, шежіре туралы айтылатын кітаптардың өте сирек түрлерін жиып алуы. Сырдария мен байланысудың мәдениетке үлгі болатын бір келесі түрі — 16 ғасырдағы қазақтардың араб харпі мен жазған хаттары. Оларда араб жазуы ғасырлар бойы толық қалыптасып, қазақ тардағы жазу мәдениеті өзбек, түркі мен татарлар дағы сияқты бір қалыпқа түскенін көрсетеді». [7]

Ә.Марғұлан академик Френнің көрсетуіне сүйене отырып, Оразмұхаммед сандығында сақталып кейін қолжазба түрінде түрлі кітап қорларына шашырап кеткен шығармалардың тізімінде келтіреді. Олар «Насап нама», «Дастан Едигеби», «Дастан Ақсақ Темір», «Сиыршы», «Дастан Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Тарихи-Рашиди» сияқты және т.б. қол жазбалареді.

Ә.Марғұлан Қыдырғали би шығармасына белгілі тарихшы Рашид-ад Дин туындысының аты берілуі еңбектің деректі маңызын дұрыс бағалауға кедергі болып келгендігін айтады. Сонымен бірге, Әлкей Марғұлан Қыдырғали би еңбегінің тілі негізінен қазақ тіліне өте жақын, оны қазақша-

шағатайша тілде пайтуға, сондықтанда «Тарихи Оразмұхаммедті» қазақ жазба мәдениетінің алғашқы үлгілерінің қатарына жатқызуға әбден болады деген тұжырымға келеді.

Жалпы алғанда Ә.Марғұланның жоғарыда аталған тарихи мұралар жөнінде жасалған тұжырымдары бүгінгі жағдайда одан ары дамыта зерттеуге лайық. Олар қазақ қоғамының өркениеттік ерекшеліктерін аша түсуге көмектеспек.

Қорыта айтқанда, Ә.Марғұланның артына қалдырған мол мұрасы қазіргі тарих ғылымында жалпы ұлттық мәдениетімізде болып жатқан іргелі өзгерістермен үндес, болашақ ақызмет жасайтын ұлтымыздың рухани байлығына жатады. Ә.Марғұлан шығармашылығын тарих ғылымының белгілі бір саласымен ғана шектеп қарастыру дұрыс болмайды. Өйткені, ғылымның өзі тарихи процестерді жан-жақты өзара салыстыра, ұштастыра зерттеуді мақсат тұтқан. Сондықтан да ол археологиялық ескерткіштерді тарихи-жазба деректермен, тарихи жазба деректерді аңыз-жырлармен, аңыз-жырларды алдыңғы екеуімен байланыстыра зерттеген. Сол арқылы академик халқымыздың жүріп өткен күрделі тарихи жолдарын, ашып көрсеткен. Бұл әдіс кейінгі буын жас ғалымдар мен тарихты зерттеуші ұрпаққа үлгі болады.

Әдебиеттер:

1. Марғұлан Ә. «Ежелгі әдебиет куәлары» Алматы, 1966, 4-б.
2. Марғұлан Ә. «Ежелгі әдебиет куәлары» Алматы, 1966, 6-б.
3. Марғұлан Ә. «Ойсылқара», «Жұлдыз» 1984, №4. 175-б.
4. Марғұлан Ә. «Қорқыт ата өмірі мен әңсәналары», «Жұлдыз», 1983. №3. 143-б.
5. Марғұлан Ә. Әдебиет және искусство Алматы, 1941, 36-б.
6. Қазақ әдебиеті, 2004. 1-қаңтар. 3-б.
7. Қазақ әдебиеті, 2004. 1-қаңтар. 10-б.

УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОСТРАНСТВЕННО-ОТРАСЛЕВОЙ СТРУКТУРЫ СТАРОПРОМЫШЛЕННОГО РЕГИОНА РОССИИ (НА ПРИМЕРЕ ЯРОСЛАВСКОЙ ОБЛАСТИ)

Селищев Е.Н., старший преподаватель кафедры географии
Ярославский государственный педагогический университет им. К.Д. Ушинского
г. Ярославль Российская Федерация

В статье рассматриваются влияние на развитие Ярославской области - старопромышленного региона России различных факторов. Выявлено воздействие на современное состояние региона пространственно-отраслевой структуры, длинных волн конъюнктуры, региональных кластеров и т.д. Предложены новые подходы к районированию и зонированию территории региона

Ключевые слова: регион, территория, пространственно-отраслевая структура, факторы развития экономики, эволюция общественных систем, большие циклы конъюнктуры стадии экономического роста, иерархия человеческих потребностей, районы, зоны, кластеры

Поступательное развитие свидетельствует о том, что пространственно-отраслевая структура Ярославской области последовательно и эволюционно формировалась в результате воздействия на нее различных объективных и субъективных факторов исторического, экономико-географического, природно-ресурсного, экономического характера, транспортной составляющей и др. В результате целенаправленного взаимодействия и совместного влияния отмеченных факторов постепенно сформировалась с одной стороны типичная для Центральной России, а с другой – по-своему уникальная производственно-территориальная система региона.

Если сформулировать объективные и субъективные факторы развития экономики Ярославской области, то они будут следующими. Объективные факторы развития экономики региона: удобное экономико-географическое положение территории, компактная территория, ограниченность природно-ресурсной базы, умеренно-континентальный климат, бедные гумусом почвы, наличие водных объектов общероссийского значения и т.д. К субъективным факторам развития экономики региона относят сложную демографическую ситуацию, неблагоприятный возрастной состав населения, высокий уровень образования и квалификации кадров, развитую производственную и социальную инфраструктуру, достаточно привлекательный инвестиционный «климат» и проч.

В последнее время в региональных исследованиях определенную актуальность приобретают вопросы социально-экономической эволюции общественных систем в целом и отдельных регионов в